

# АЛЫПТЫҢ АНАСЫ

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың анасы Бегім ханым жайлы сыр

Қаһарлы хандар да, кеменгер көсемдер де, ғұлама ғалымдар да, данышпан ойшылдар да, тіпті қарапайым пенделер де ана алдында бастарын иіп, құрмет көрсеткен. Тоғыз ай, тоғыз күн ана құрсағынан нәр алып, жарық дүниеге шырып келгенде нәрестеге анандан жақын, анаға баладан ыстық балама болмаған. Бұл табиғи дүниетаным заңдылығы.

Бүгінгі әңгімеміздің арқауы Алашорда көсемі, Алаштың Әлихан дүниеге әкелген анасы Бегім ханым жайлы болмақ.

Әлқисса, Тобықты Мамай батырдан Жолбарыс, одан Дулат, Бегежан-Әлихан-ның шешесі қазақтар: Бегім ханым дейді.

Інісі қазақ қауымы Семейге қараған бес болыс Тобықты елін Жігітек, Бөкенші, Көтібақ, Есполат, Сақтоталақ, Топай, Жуантаяқ руларының азаматтарын жақсы білген. Сонымен, Тобықты елі Әлиханға нағашы.

Әлекеңнің анасы кестеші, оюшы, сызушы, ол уақытта іс машинасы жоқ, қолмен істейді. Қайырымды, нашарларға өз қаражатынан киім тігіп береді. Қолында жетім-жесір, нашар адамдар жүреді. Жетім балаларға мұсылманша оқу оқытады, киімдерін жуып, жамап береді. Тазалықты жақсы көреді. Анасының осы қасиеті балаларына да дарыған. Бегім ханым Нұрмұхамед әулетінің ұйытқысы, бастарын біріктіріп, бір қазаннан дәм таттырған.

Ал, жолдасы Мұхан төре қазақтың атқа мінер пысығы, ит жүгіртіп, құс салады. Орта ауқатты адам. Әкеміз қынабы жоқ қылыштай, екі жүзді құрыштай асығыс болсаң қыныңды тіледі, байқамай отырсаң мықыныңа кіреді. өткір шешен,

ер, мықты.

Қазақтың шежіресін, тарихын жатқа айтатын, жерін-суын, ел-жұртын жақсы білетін Әлекеңнің інісі Смахан Бөкейхановтың естелігіне назар аударайық.

«Әкемнің жиырма алты, анамның жиырма екі жасында көрген тұңғышы Ғалихан (Әлихан) 1866 жылы 5 наурызда бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысына қараған №7 ауылда дүниеге келген. Мұқан төренің шаңырағында жарық дүниеге келген сәби сүндеттеліп, кіндігі кесік туған. Қазіргі уақытта мұндай табиғатынан туа біткен жағдайларды әлемдік «сенсацияға» айналдырып, БАҚ күндіз-түні хабарлап, дүниені дүр сілкіндірері хақ.

Сол кездегі өлшеммен Алла тағаланың жіберген жақсылығын Рүстем, Мырзатай, Нұрмұхамед, Бегім ханым аса құпия сақтауға шешім қабылдап, ешкімге тіс жармаған, тіл-көзден, пәле-жаладан аулақ ұғымға саяды. Оған қоса баланың тілі алты жасқа дейін шықпаған. Өсу деңгейі шапшаң болған. Балуан аусар, қисық көнбейтін болып өскен.

Бала болып ойнамағанда қос тігіп ойнайды екен, жас күнінде асықты көп ойнайтын, асық ұтқан балаға асығын беріп оған қоса сыйлығын да аямаған.

Алла тағаланың рахымы түсіп, баланың тілі шығып, әке-шешесінің ақ тілегі орындалып, жеті жасында Қарқаралыдағы ноғай Зафир моллаға мұсылманша оқуға береді. Осы кезеңнен бастап алғыр, өжет, дарынды баланың оқуға, білімге деген құштарлығы алға жетелеп, Омбы, Санкт-Петербург қалаларының оқу орындарынан дәріс

алып, қоғам, мемлекет жұмыстарына араласып, саяси көзқарасының шындалған кезеңі басталады. Осының барлығы да анасы Бегім ханымның назарынан тыс қалмаған. Аллаға сыйынып, баласының тілеуін тілеп, аналық мейірімін аямаған.

Әлекеңнің барлық саналы ғұмыры Семей қаласымен тығыз байланысты болған. Олай дейтін себебіміз, 1906 жылдың 15 маусымында Әлихан Ресейдің І Думасына Семей қазақтары атынан сайланғанда, оның Парламент құрамына өтуіне Абайдың жақындарынан Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Көкітай Ысқақұлы атсалысқан болатын.

Бегім ханымның ықпалымен Әлекең Семей өңірінің алдыңғы қатарлы азаматтарымен қарым-қатынастарын үзбей, тығыз байланыста болған. Тағы бір айта кететін жағдай, Дулаттың екінші қызы Бошантай – Құдайберді әйелі, Құнанбай қажы келіні Ырзықбайдың шешесі.

Әңгімемізде келтіргендей, Абай балалары көзі ашық, көңілі ояу, өз дәуірінің саналы азаматтары болғандарына дау жоқ. Абайдың кенжесі Турағұл Әлихан Бөкейханмен жақсы танысып, сырлас дос, тілектес, ниеттес болып кетеді. Оның айқын бір дәлелі, Көкбай ақын және бір топ Семей ауқаттыларының ортасында Әлиханның Тұрашпен қолтықтасып отырып түскен суреті. Суреттің қай жылы және қалай, кім арқылы қолға түскендігі белгісіз. Дегенмен де, жоғарыда келтірілген деректер де негіздей түседі.

Бегім ханымның парасаттылығы, адамгершілігі, қайырымдылығы, жалпы қазақи болмыс-келбетін айта берсек, бір

мақалада жазып жеткізу мүмкін емес.

Алашымды қайтсем жеткізем, оздырам деген ойдан жаңылмаған Әлекең осы жолда бар саналы ғұмырын сарп етті. Ал, анасы Бегім ханым баласына ақ батасын беріп, Алладан аман-саулығын тілеп, өмірден озды.

Желтаудағы «Бөкейхан әулеті» зиратының оңтүстік шетіндегі үлкен көктасқа төмендегідей деректер жазылған (аудармасы):

«Тобықты Мамай батырдан Нұрмұхан ханым Бегежан, 1918 жылы 27 қыркүйек 77 жасында дүниеден өтті.

Жетім мен жесірдің,  
Жел жағында панасы.  
Ық жағында қаласы.  
Тоңғанға болған тон,  
Шөлдегенге болған сусын,  
Жылағанның анасы.  
Жығылғанның сүйеніші,  
Сүйіскеннің сәулесі.  
Бежекем тәні осы жерде.  
Тау-Желтау,  
Өзен-Жіңішке.

Тасты жаздырған баласы-Смахан».  
Осы көктас алты Алаштың ардақтысы, Алашорда көсемі, «ел ағасы, қыр баласы, қазақтың болған панасы» Әлихан Бөкейхановтың анасы Бегім ханымға орнатылған тас, Әлихан Петербордан әкеп отырғызған бразилия қарағашы анасының қабірінің басында осы күндері өткен тарихтың куәсі ретінде өсіп тұр. Осыдан тура 19 жыл өткенде, яғни 1937 жылы баласының дәл сол 27 қыркүйекте жазықсыздан жазықсыз жапа шегіп, атылып кететінін анасы сезді ме екен?! Әлде 27 қыркүйек Әлекеңнің шырып келгенде маңдайына жазып қойған пешенесі ме? Қалай десек те, Ана мен Баласының оған күндерінің дәл келуі тегін жайт емес. Алланың нұры жаусын.  
**Жинақтаған Балабаршын Смаханұлы,  
қарт зейнеткер  
05.03.2016 ж**

Тоқырауын тынысы.2016.10.қыркүйек 8,б.